

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

ӘҰЖ 517.95

Қолжазба құқығында

## **МАНАТ АЛУА МАНАТҚЫЗЫ**

**Псевдопараболалық теңдеулер үшін шеттік есептерді зерттеу және олардың қолданулары**

8D05401 – Математика

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері  
физика-математика ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор  
Орумбаева Н.Т.

физика-математика ғылымдарының докторы,  
профессор  
Псху А.В.

Қазақстан Республикасы  
Қарағанды, 2026

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 ҮШІНШІ РЕТТІ СЫЗЫҚТЫҚ ПСЕВДОПАРАБОЛАЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ҮШІН БЕЙЛОКАЛ ШЕТТІК ЕСЕПТЕР</b> .....	18
1.1 Сызықтық псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есептің қойылымы.....	18
1.2 Бейлокал шеттік есептің шешімін табу алгоритмдерінің жинақтылық шарттары.....	24
1.3 Псевдопараболалық теңдеудің бір класы үшін бейлокал шеттік есептің шешімділігі.....	35
<b>2 ҮШІНШІ РЕТТІ СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС ПСЕВДОПАРАБОЛАЛЫҚ ТЕҢДЕУ ҮШІН БЕЙЛОКАЛ ШЕТТІК ЕСЕПТІҢ ШЕШІЛУІ</b> .....	40
2.1 Сызықтық емес псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есептің қойылымы.....	40
2.2 Сызықтық емес псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есептің «оқшауланған» шешімінің бар болуының жеткілікті шарттары....	45
<b>3 ҰСЫНЫЛҒАН АЛГОРИТМДЕРДІҢ СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС ТОЛҚЫНДЫҚ МОДЕЛЬДЕР ҮШІН ҚОЛДАНЫЛУЫ</b> .....	59
3.1 Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс теңдеуі үшін бейлокал шеттік есеп.....	59
3.2 Бенджамин-Бона-Махони теңдеуі үшін бейлокал шеттік есеп.....	75
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	83
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	85

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс үшінші ретті сызықтық және сызықтық емес псевдопараболалық теңдеулер үшін бейлокал шеттік есептерді зерттеуге арналған.

Әртүрлі үдерістерді және құбылыстарды сипаттауда жоғарғы ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеулердің алатын орны ерекше. Мысалы, кеуекті ортадағы сұйықтықты сүзу, гетерогенді ортадағы жылу алмасу және топырақтағы ылғал алмасу мәселелері үшінші ретті гиперболалық дербес дифференциалдық теңдеулер болып табылатын модификацияланған диффузия теңдеулеріне әкеледі [1-5]. Псевдопараболалық теңдеулерге арналған бейлокал шарттары бар шеттік есептерді теориялық түрде зерттеу олардың ғылым мен техниканың күрделі мәселелерін шешуде қолданысына байланысты дамыды. Бейлокал шарттары бар псевдопараболалық теңдеулерге арналған шеттік есептерді шешудің алғашқы нәтижелерінің бірі ретінде С.Л. Соболев [6], J.R. Cannon [7] және Л.А.Камыниннің [8] жұмыстарын айта аламыз. Зерттеудің әрі қарай дамуына А.М. Нахушев [9], В.А. Водахова [10, 11], А.И. Кожанов [12-16], В.З. Канчукоев [17], Л.С. Пулькина [18], В.И. Жегалов, Е.А. Уткина [19, 20], Н.С. Попов [21], Б.С.Аблабеков [22], К.Г. Кожобеков [23], Cao Yin J., Jin Ch. [24], Н.К. Аркабаев [25], А.С. Сопуев [26], У.Д. Молдоярлов [27], Х.Г. Умаров [28] және т.б. ғалымдар үлес қосқан.

Бейлокал шеттік шарттары бар псевдопараболалық теңдеулерді шешудің жуық әдістері есептеу техникасының дамуына орай кейінгі жылдары зерттеушілердің назарын өзіне аударды. W. Ford, T. Ting және R. Ewing жариялаған [29, 30] мақалаларын псевдопараболалық теңдеулерді шешудің сандық әдісінің теориясының негізін қалаған жұмыстардың бірі деп атап айтуға болады. Интегралдық шарттары бар бір өлшемді сызықты емес псевдопараболалық теңдеулерді шешудің жуық әдістері [31, 32] әдебиеттерде қарастырылған. Әртүрлі интегралдық шарттары бар сызықтық псевдопараболалық теңдеулер үшін ақырлы-айырымдық сұлбалары [33-39] жұмыстарында зерттелді. Сондықтан осы диссертациялық жұмыста бейлокал шеттік шарттары бар үшінші ретті аралас туындылы сызықтық және сызықтық емес псевдопараболалық теңдеулерді шешудің тиімді тәсілі ретінде параметрлеу әдісі қарастырылып, оның көмегімен қойылған есептердің шешімінің бар болуы мен жалғыздығы дәлелденіп, жуық шешімдерін табу алгоритмдері ұсынылады.

**Тақырыптың қазіргі жағдайы және өзектілігі.** Соңғы жылдары псевдопараболалық теңдеулерді шешудің әртүрлі аналитикалық және жуық әдістері белсенді түрде зерттелуде. Бұл теңдеулердің өзектілігі олардың физикалық, техникалық және инженерлік үдерістерді математикалық модельдеуде кеңінен қолданылуымен тікелей байланысты. Псевдопараболалық теңдеулер күрделі ортадағы жылу алмасу, фильтрациялық үдерістер, деформацияланған денелер динамикасы, биологиялық көбею немесе миграция модельдері сияқты нақты қолданбалы есептерді сипаттауда тиімді болып

табылады. Яғни мұндай теңдеулерді шешудің тиімді аналитикалық және жуық әдістерін әзірлеу мен жетілдіру тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық қолданбалар үшін де ерекше маңызды болып саналады.

М. Пташнюк гетерогендік ортада (мысалы, кеуекті немесе биологиялық материалдар) псевдопараболалық теңдеулердің қолданысына көпсалалы талдау жүргізген [40-43].

М. J. Huntul, К. Khompysh ғалымдарының [44-46] жұмыстарында бейлокал интегралдық бақылаулардан үшінші ретті псевдопараболалық теңдеудегі уақытқа тәуелді потенциалды және күш коэффициенттерін қалпына келтірудің кері есебін қарастырды. Шешімнің бар болуы мен бірегейлігі кішігірім уақыт интервалындағы қысқарту принципі арқылы дәлелденеді. Бұл MATLAB ішкі бағдарламасы `lsqnonlin` құралының көмегімен сандық түрде шешілген.

J. Zhou жұмысында [47] квазисызықтық псевдопараболалық теңдеу егжей-тегжейлі қарастырылған. Бұл жұмыста алдыңғы зерттеулерді толықтыру, кеңейту ретінде шешімнің бастапқы критикалық энергиямен бұзылуы дәлелденді.

A. Jhangeer, F. Ibraheem ғалымдарының жұмыстарының бірінде сызықтық емес псевдопараболалық Осколков-Бенджамина-Бона-Махони-Бюргерс теңдеуі қарастырылған. Бұл теңдеу оптикалық талшық, топырақтың консолидациясы, термодинамика, сызықтық емес желілер, толқынның таралуы және тау жыныстарындағы сұйықтың ағыны сияқты облыстарда кеңінен қолданылады [48].

J. Yu, J. Zhang-тың [49] жұмысында конустық ерекшелігі бар көпбейнеде бейлокал көзі бар жартылай сызықтық псевдопараболалық теңдеу үшін бастапқы шеттік есеп қарастырылған. Авторлар мұндай теңдеулердің шешімдерінің тұрақтылығы мен бар болу шарттарын зерттеп, сандық алгоритмдер арқылы жуық шешімдерін ұсынған.

[50] жұмыста дербес туындылы үшінші ретті псевдопараболалық теңдеу үшін жаңа сандық әдіс ұсынылған. Ұсынылған әдіс дәстүрлі В-сплайн әдістерімен салыстырғанда үлкен икемділік пен дәлдікті көрсетеді.

Д.С. Джумабаевтың [51] мақаласында бірінші ретті сызықтық қарапайым дифференциалдық теңдеу үшін екі нүктелі шеттік есебінің шешімінің бар болуы параметрлеу әдісімен зерттелген. Бұл есептің бірімәнді шешімділігі мен  $Q_v(h)$  матрицасының кері матрицасының бар болуы арасындағы өзара байланыс орнатылған.  $Q_v(h)$  матрицасының кері матрицасын табатын рекурренттік формулалар негізінде берілген есептің бірімәнді шешімділігінің қажетті және жеткілікті шарты алынған.

Кейін параметрлеу әдісі екі нүктелі бейсызықты қарапайым дифференциалдық теңдеулерге [52], екі нүктелі интегралды-дифференциалдық теңдеулерге [53] қолданылған.

Параметрлеу әдісінің модификациясы ретінде А.Т. Асанова, М.Н. Оспанов, С.М. Темешева, Н.Т. Орумбаеваның еңбектерінде [54-61] функционалдық параметр енгізу әдісін атауға болады. Бұл әдіс екі тәуелсіз

айнымалысы бар, аралас туындысы кездесетін гиперболалық теңдеулер жүйесі үшін шеттік есептерді зерттеуде қолданыс табады.

А.Б. Кельдибекованың [62-65] жұмыстарында жартылай периодты шеттік шарттары бар үшінші ретті псевдопараболалық теңдеулерді параметрлеу әдісі көмегімен зерттелген.

Т.Д. Токмагамбетованың [66-69] жұмыстарында әртүрлі дербес бейлокал шарттары бар сызықтық үшінші және төртінші ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерді шешу жолдары ұсынылған.

Бұл жұмыста параметрлеу әдісі арқылы үшінші ретті сызықтық және сызықтық емес псевдопараболалық теңдеулер үшін бейлокал шеттік есептердің шешімділігі және жинақтылық шарттары алынды.

Осылайша, диссертация теориялық математикамен қатар, күрделі физикалық-биологиялық үдерістерді модельдеуге жаңа көзқарас енгізу арқылы қолданбалы ғылымдардың да дамуына үлесін қосады.

### **Жұмыстың негізгі мақсаты және ғылыми жаңалығы.**

**Зерттеудің негізгі мақсаты** үшінші ретті аралас туындылы сызықтық және сызықтық емес псевдопараболалық теңдеулер үшін бейлокал шеттік есептерді шешу және шешімдерін табудың конструктивті алгоритмдерін құру болып табылады.

### **Зерттеу міндеттері:**

1. Үшінші ретті аралас туындылы сызықтық псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік шарттары бар есептің шешімін табу алгоритмін құру және бастапқы берілгендер терминдерінде олардың жинақтылық шарттарын алу.

2. Сызықтық псевдопараболалық теңдеудің бір класы үшін бейлокал шеттік есептің бірімәнді шешімділігін зерттеу.

3. Үшінші ретті сызықтық псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есептің шешімін табу алгоритмінің негізінде сызықтық емес псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есептің «оқшауланған» шешімінің бар болу шарттарын алу.

4. Ұсынылған алгоритмді Бенджамин-Бона-Махони және Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс сызықтық емес теңдеулері үшін қолдану және шешімінің бар болуының қажетті шарттарын алу.

**Зерттеу нысаны:** үшінші ретті псевдопараболалық теңдеу үшін шеттік есептер.

**Зерттеу пәні:** үшінші ретті сызықтық және сызықтық емес псевдопараболалық теңдеулер үшін бейлокал шарттары бар шеттік есептер, олардың шешімдерін табу алгоритмдері, құрылған алгоритмнің жинақтылық шарттары, шешімнің жалғыздығы.

**Зерттеу әдістемесі** функционалдық талдау әдістері, шеттік есептер теориясы және параметрлеу әдістеріне негізделген. Жұмыста бағалаулар және операторлар теориясы элементтері қолданылады.

**Ғылыми жаңалығы.** Үшінші ретті сызықтық және сызықтық емес псевдопараболалық теңдеулер үшін бейлокал шеттік есептер зерттеліп, келесі нәтижелер алынды:

1. Үшінші ретті аралас туындылы сызықтық псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік шарттары бар есептің шешімін табу алгоритмі құрылды және бастапқы берілгендер терминдерінде олардың жинақтылық шарттары алынды.

2. Сызықтық псевдопараболалық теңдеудің бір класы үшін бейлокал шеттік есептің бірімді шешімділігі зерттелді.

3. Үшінші ретті сызықтық псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есепті шешу алгоритмі негізінде үшінші ретті сызықтық емес псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есептің «оқшауланған» шешімінің бар болу шарттары алынды.

4. Ұсынылған алгоритм Бенджамин-Бона-Махони және Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс сызықтық емес теңдеулері үшін қолданылды және шешімдерінің жинақтылық шарттары алынды.

**Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызыдылығы.** Жұмыс барысында алынған нәтижелер теориялық сипатқа ие және үшінші ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер үшін бейлокал шеттік есептерді шешудің алгоритмін құруда, сондай-ақ, жоғарғы оқу орындарында математика бойынша арнайы курстарды оқытуда қолданылуы мүмкін.

**Қорғауға шығарылатын негізгі нәтижелер:**

1. Үшінші ретті сызықтық псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есепті шешу алгоритмі және оның жинақтылық шарттары.

2. Үшінші ретті сызықтық псевдопараболалық теңдеудің бір класы үшін бейлокал шеттік есептің бірімді шешімділігі.

3. Үшінші ретті сызықтық псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есепті шешу алгоритмі негізінде үшінші ретті сызықтық емес псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есептің «оқшауланған» шешімінің бар болу шарттары.

4. Ұсынылған алгоритмнің Бенджамин-Бона-Махони және Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс сызықтық емес теңдеулері үшін қолданылуы және шешімдерінің жинақтылық шарттары.

**Сенімділік және негізділік.** Жұмыста қолданылған әдістердің конструктивтілігі зерттеудің сенімділігі мен негізділігін қамтамасыз етеді. Жалпы тұжырымдар теоремалар түрінде құрылған және олардың дәлелдеулері берілген.

**Жұмысты апробациялау.** Диссертацияның негізгі нәтижелері келесі конференциялар мен семинарларда дәлелденді және талқыланды:

1. «Қазіргі математиканың даму тенденциясы және оны білім беруді цифрландыру жағдайында оқыту» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Шымкент: академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, 2023 – 27-28 сәуір).

2. Дәстүрлі халықаралық сәуір конференциясы (Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Математика және математикалық модельдеу институты, 2023 – 5-7 сәуір).

3. Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Т.Б. Амановтың туғанына 100 жыл

толуына арналған «Анализ, дифференциальные уравнения и их приложения» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Астана, 2023 – 22-23 маусым).

4. VII Түркі әлемі математиктерінің дүниежүзілік конгресі (Түркістан, 2023 – 20-23 қыркүйек).

5. Дәстүрлі халықаралық сәуір конференциясы (Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Математика және математикалық модельдеу институты, 2024 – 16-19 сәуір).

6. Академик Т.Д. Джураевтің туғанына 90 жыл толуына арналған «Неклассические уравнения математической физики и их приложения» атты халықаралық ғылыми конференциясы (Ташкент: Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университеті, қаласы, 2024 – 24-26 қазан).

7. «Actual problems of applied mathematics and information technologies – Al-Khwarizmi 2024» халықаралық ғылыми конференциясы (Ташкент: Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университеті, қаласы, 2024 – 22-23 қазан).

8. Evolution Equations, Approximation and Spectral Optimization: халықаралық жазғы мектеп және конференциясы (Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Математика және математикалық модельдеу институты, қаласы, 2024 – 11-18 қыркүйек).

9. Академик Е.А. Бөкетовтың 100 жылдығына орай ұйымдастырылған «Пәнаралық ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференциясы (Қарағанды: Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2025 – 17-20 маусым).

**Жарияланымдар.** Диссертацияның негізгі нәтижелері 13 ғылыми мақала мен халықаралық конференциялар материалдарында [70-82] жарияланды, оның ішінде, 2 мақала Scopus (процентиль 53) базасына енетін басылымда, 1 мақала Web of Science (SCIE, Q2) базасына енетін басылымда, 1 мақала уәкілетті орган ұсынған басылымда жарияланды.

**Диссертация құрылымы.** 92 беттік диссертациялық жұмыс келесі құрылымдық элементтерден тұрады: кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

**Жұмыстың қысқаша мазмұны.** Бірінші бөлімде үшінші ретті сызықтық псевдопараболалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есеп қарастырылады. Бұл есеп интегралды-дифференциалдық теңдеу үшін бейлокал шеттік есепке келтіріледі. Әрі қарай параметрлеу әдісінің көмегімен шешімін табу алгоритмі құрылады, алгоритмнің жинақтылық шарттары және дәл мән мен жуық мәннің арасындағы бағалаулар алынды.

1.1-ішкі бөлімде үшінші ретті аралас туындылы псевдопараболалық теңдеулер үшін бейлокал шеттік есептің шешімін табу алгоритмі ұсынылады, яғни  $\Omega = [0, \omega] \times [0, T]$  облысында келесі есеп қарастырылады:

$$\frac{\partial^3 u(x,t)}{\partial x^2 \partial t} = a_1 \frac{\partial^2 u(x,t)}{\partial x^2} + a_2 \frac{\partial u(x,t)}{\partial t} + a_3 u(x,t) + f(x,t), \quad (x,t) \in \Omega, \quad (1)$$

$$u(0,t) = \varphi(t), \quad t \in [0, T], \quad (2)$$

$$\frac{\partial u(0,t)}{\partial x} = \psi(t), \quad t \in [0, T], \quad (3)$$

$$b_1 \frac{\partial^2 u(x, 0)}{\partial x^2} + b_2 \frac{\partial^2 u(x, T)}{\partial x^2} + b_3 \frac{\partial u(x, 0)}{\partial t} + b_4 \frac{\partial u(x, T)}{\partial t} + b_5 u(x, 0) + b_6 u(x, T) = \theta(x), \quad x \in [0, \omega], \quad (4)$$

мұнда  $a_i, b_j - const$ ,  $i = \overline{1,3}$ ,  $j = \overline{1,6}$ ,  $\theta(x)$  функциялары  $[0, \omega]$  аралығында үзіліссіз және  $\varphi(t)$ ,  $\psi(t)$  функциялары  $[0, T]$  аралығында үзіліссіз дифференциалданады.

(1)-(4) есебінің шешімін табу үшін  $w(x, t) = \frac{\partial^2 u(x, t)}{\partial x^2}$  функциясын енгіземіз, сонда

$$u(x, t) = \varphi(t) + \psi(t)x + \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi,$$

$$\frac{\partial u(x, t)}{\partial t} = \varphi'(t) + \psi'(t)x + \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi,$$

демек, (1)-(4) есебін келесі түрде жазуға болады:

$$\begin{aligned} \frac{\partial w(x, t)}{\partial t} = a_1 w(x, t) + a_2 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + \\ + a_3 \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi + \tilde{f}(x, t), \quad (x, t) \in \Omega, \end{aligned} \quad (5)$$

$$\begin{aligned} b_1 w(x, 0) + b_2 w(x, T) + b_3 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w(\xi_1, 0)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + b_4 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w(\xi_1, T)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + \\ + b_5 \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, 0) d\xi_1 d\xi + b_6 \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, T) d\xi_1 d\xi = \tilde{\theta}(x), \quad x \in [0, \omega], \end{aligned} \quad (6)$$

мұнда

$$\tilde{f}(x, t) = f(x, t) + a_2 \varphi'(t) + a_2 \psi'(t)x + a_3 [\varphi(t) + \psi(t)x],$$

$$\tilde{\theta}(x) = \theta(x) + b_3 [\varphi'(0) + \psi'(0)x] + b_4 [\varphi'(T) + \psi'(T)x] +$$

$$+ b_5 [\varphi(0) + \psi(0)x] + b_6 [\varphi(T) + \psi(T)x].$$

Бұдан кейін (5)-(6) есебінің шешімін табу үшін параметрлеу әдісін [51, с. 50-65] қолданамыз.  $h > 0$ :  $Nh = T$  қадамы бойынша  $[0, T] = \cup_{r=1}^N [(r -$

1)  $h, rh$ ),  $N = 1, 2, \dots$  бөліктеуін жүргіземіз. Бұл жағдайда  $\Omega$  облысы  $N$  бөлікке бөлінеді.  $w_r(x, t)$  арқылы  $w(x, t)$  функциясының  $\Omega_r = [0, \omega] \times [(r-1)h, rh)$ ,  $r = \overline{1, N}$ , облысындағы мәнін белгілейміз.

Әрі қарай (5), (6) есебінде  $\lambda_r(x) = w_r(x, (r-1)h)$  белгілеуін енгізіп,  $\tilde{w}_r(x, t) = w_r(x, t) - \lambda_r(x)$ ,  $r = \overline{1, N}$  алмастыруын жасаймыз. Сонда  $\lambda_r(x)$  белгісіз функциялары бар пара-пар шеттік есебін аламыз:

$$\begin{aligned} \frac{\partial \tilde{w}_r(x, t)}{\partial t} &= a_1 \tilde{w}_r(x, t) + a_1 \lambda_r(x) + a_2 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + \\ &+ a_3 \int_0^x \int_0^\xi \tilde{w}_r(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi + a_3 \int_0^x \int_0^\xi \lambda_r(\xi_1) d\xi_1 d\xi + \tilde{f}(x, t), \quad (x, t) \in \Omega_r, \end{aligned} \quad (7)$$

$$\tilde{w}_r(x, (r-1)h) = 0, \quad x \in [0, \omega], \quad (8)$$

$$\begin{aligned} b_1 \lambda_1(x) + b_2 \lambda_N(x) + b_2 \lim_{t \rightarrow T-0} \tilde{w}_N(x, t) + b_3 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}_1(\xi_1, 0)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + \\ + b_4 \int_0^x \int_0^\xi \lim_{t \rightarrow T-0} \frac{\partial \tilde{w}_N(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + b_5 \int_0^x \int_0^\xi \lambda_1(\xi_1) d\xi_1 d\xi + \\ + b_6 \int_0^x \int_0^\xi \lim_{t \rightarrow T-0} \tilde{w}_N(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi + b_6 \int_0^x \int_0^\xi \lambda_N(\xi_1) d\xi_1 d\xi = \tilde{\theta}(x), \quad x \in [0, \omega], \end{aligned} \quad (9)$$

$$\lambda_s(x) + \lim_{t \rightarrow sh-0} \tilde{w}_s(x, t) = \lambda_{s+1}(x), \quad x \in [0, \omega], \quad s = \overline{1, N-1}, \quad (10)$$

мұнда (10) – бөліктеудің ішкі сызықтарындағы функцияның үзіліссіздік шарты.

(7), (8) есебі  $\lambda_r(x)$ -тің бекітілген мәндерінде бірпараметрлі Коши есебінің үйірі болады, мұндағы  $x \in [0, \omega]$ , және келесі интегралдық теңдеуге пара-пар:

$$\begin{aligned} \tilde{w}_r(x, t) &= a_1 \int_{(r-1)h}^t \tilde{w}_r(x, \tau) d\tau + a_1 [t - (r-1)h] \lambda_r(x) + \\ &+ a_2 \int_{(r-1)h}^t \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}(\xi_1, \tau)}{\partial \tau} d\xi_1 d\xi d\tau + a_3 \int_{(r-1)h}^t \int_0^x \int_0^\xi \tilde{w}_r(\xi_1, \tau) d\xi_1 d\xi d\tau + \\ &+ a_3 [t - (r-1)h] \int_0^x \int_0^\xi \lambda_r(\xi_1) d\xi_1 d\xi + \int_{(r-1)h}^t \tilde{f}(x, \tau) d\tau. \end{aligned} \quad (11)$$

(11)-де  $t \rightarrow rh - 0$  ұмтылғанда шекке көшіп, (9), (10)-ға  $\lim_{t \rightarrow Nh-0} \tilde{w}_N(x, t)$ ,  $\lim_{t \rightarrow sh-0} \tilde{w}_s(x, t)$  орнына оған сәйкес  $\lambda_r(x)$ ,  $r = \overline{1, N}$ , белгісіз функцияларына арналған

оң жақ бөліктерін қойып және (9) теңдеуінің екі жағын да  $h > 0$  көбейту арқылы келесі теңдеулер жүйесін аламыз:

$$Q(x, h)\lambda(x) + S(x, h) \int_0^x \int_0^\xi \lambda(\xi_1) d\xi_1 d\xi = -W_1(x, h, \tilde{w}) - \\ -W_2\left(x, h, \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}(\xi_1, [t])}{\partial t} d\xi_1 d\xi\right) - W_3\left(x, h, \int_0^x \int_0^\xi \tilde{w}(\xi_1, [t]) d\xi_1 d\xi\right) - F(x, h), \quad (12)$$

мұнда  $\lambda(x) = (\lambda_1(x), \lambda_2(x), \dots, \lambda_N(x))'$ .

$\left\{ \frac{\partial \tilde{w}_r(x, t)}{\partial t}, \lambda_r(x), \tilde{w}_r(x, t) \right\}$ ,  $r = \overline{1, N}$ , функциялар үштігінен тұратын жүйенің шешімін табу үшін (7), (8) Коши есебі мен (12) және (11) теңдеулерінен тұратын тұйық жүйе аламыз. Тұйық жүйе көмегімен (7)-(10) шеттік есебінің шешімін табу алгоритмі құрылады.

1.2-ішкі бөлімде ұсынылған алгоритмінің жинақталу шарттары, шеттік есептің дәл және жуық шешімнің арасындағы бағалаулар алынады.

Келесі тұжырым ұсынылған алгоритмнің жүзеге асырылуын және жинақтылығын, сондай-ақ (7)-(10) есебінің бір мәнді шешімділігін қамтамасыз етеді.

*1-теорема.* Қандай да бір  $h > 0$ :  $Nh = T$ ,  $N = 1, 2, \dots$ , қадамы үшін  $(N \times N)$  өлшемді  $Q(h)$  матрицасының кері матрицасы бар болсын және келесі шарттар орындалсын:

$$1) \| [Q(h)]^{-1} \| < \gamma(h), \quad 2) q(h) < 1$$

мұнда

$$q(h) = \max_{x \in [0, \omega]} \| q(x, h) \|, \quad q(x, h) = h\chi(x) + ha_2 \int_0^x \int_0^\xi e^{a_2 \frac{\xi_1^2}{2!}} \chi(\xi) d\xi,$$

$$\chi(x) = a_1 [1 + \beta(x)\delta(x)] + a_3 \left[ \frac{x^2}{2!} + \int_0^x \int_0^\xi \beta(\xi_1)\delta(\xi_1) d\xi_1 d\xi \right],$$

$$\beta(x) = h\gamma(h) \exp \left( h\gamma(h)\rho_0 \frac{x^2}{2!} + h\gamma(h)\rho_2 \int_0^x \int_0^\xi e^{a_2 \frac{\xi_1^2}{2!}} \left( a_1 + a_3 \frac{\xi_1^2}{2!} \right) d\xi_1 d\xi \right),$$

$$\delta(x) = a_1 \max\{hb_2, 1\} + \rho_2 a_1 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\xi_1^2}{2!} e^{a_2 \frac{\xi_1^2}{2!}} d\xi_1 d\xi + \rho_2 a_3 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\xi_1^2}{2!} e^{a_2 \frac{\xi_1^2}{2!}} d\xi_1 d\xi + \rho_3 \frac{x^2}{2!},$$

$$\rho_0 = b_5 + b_6 + a_3 \max\{hb_2, 1\}, \quad \rho_1 = a_1 \max\{hb_2, 1\},$$

$$\rho_2 = b_3 + b_4 + a_2 \max\{hb_2, 1\}, \quad \rho_3 = b_6 + a_3 \max\{hb_2, 1\}.$$

Онда (7)-(10) есебінің жалғыз шешімі  $\{\tilde{w}^*(x, [t]), \lambda^*(x)\}$  бар және келесі бағалаулар орындалады:

$$\begin{aligned} & \text{а) } \|\tilde{w}^* - \tilde{w}^{(k)}\|_1 \leq \\ & \leq h \sum_{j=k+1}^{\infty} [q(h)]^j \max_{x \in [0, \omega]} \|q_0(x)\| \max \left\{ \max_{x \in [0, \omega]} \|\tilde{\theta}(x)\|, \max_{(x,t) \in \Omega} \|\tilde{f}(x, t)\| \right\}; \\ & \text{ә) } \|\lambda^* - \lambda^{(k)}\|_2 \leq \\ & \leq \max_{x \in [0, \omega]} \|\beta(x)\delta(x)\| h \sum_{j=k}^{\infty} [q(h)]^j \max_{x \in [0, \omega]} \|q_0(x)\| \max \left\{ \max_{x \in [0, \omega]} \|\tilde{\theta}(x)\|, \max_{(x,t) \in \Omega} \|\tilde{f}(x, t)\| \right\}, \end{aligned}$$

мұнда

$$q_0(x) = a_1 \beta(x) \delta_0(x) + a_2 \int_0^x \int_0^{\xi} e^{a_2 \frac{\xi^2}{2}} \chi_0(\xi) d\xi + a_3 \int_0^x \int_0^{\xi} \beta(\xi_1) \delta_0(\xi_1) d\xi_1 d\xi,$$

$$\chi_0(x) = a_1 \beta(x) \delta_0(x) + a_3 \int_0^x \int_0^{\xi} \beta(\xi_1) \delta_0(\xi_1) d\xi_1 d\xi + 1,$$

$$\delta_0(x) = \rho_2 \int_0^x \int_0^{\xi} e^{a_2 \frac{\xi_1^2}{2}} d\xi_1 d\xi + h + h \max\{hb_2, 1\}.$$

(1)-(4) және (7)-(10) есептерінің пара-парлығынан және 1-теоремадан келесі теорема орынды.

*2-теорема.* 1-теореманың шарттары орындалсын. Онда (1)-(4) есебінің  $u^*(x, t)$  жалғыз шешімі бар және келесі бағалау орындалады:

$$\|u^* - u^{(k)}\|_1 \leq M(h) \max_{x \in [0, \omega]} \|q_0(x)\| \max \left\{ \max_{x \in [0, \omega]} \|\tilde{\theta}(x)\|, \max_{t \in [0, T]} \|\tilde{f}(x, t)\| \right\},$$

мұнда  $M(h) = h \sum_{j=k+1}^{\infty} [q(h)]^j [1 + \max_{x \in [0, \omega]} \|\beta(x)\delta(x)\|]$ .

1.3-ішкі бөлімде

$$\begin{aligned} \frac{\partial^3 u(x, t)}{\partial x^2 \partial t} &= a_1(x, t) \frac{\partial^2 u(x, t)}{\partial x^2} + a_2(x, t) \frac{\partial^2 u(x, t)}{\partial x \partial t} + \\ &+ a_3(x, t) u(x, t) + f(x, t), \quad (x, t) \in \Omega = [0, \omega] \times [0, T], \end{aligned}$$

$$u(0, t) = \varphi(t), \quad \frac{\partial u(0, t)}{\partial x} = \psi(t) \quad t \in [0, T],$$

$$b_1 \frac{\partial^2 u(x, 0)}{\partial x^2} + b_2 \frac{\partial^2 u(x, T)}{\partial x^2} + b_3 \frac{\partial^2 u(x, 0)}{\partial x \partial t} +$$

$$+b_4 \frac{\partial^2 u(x, T)}{\partial x \partial t} + b_5 u(x, 0) + b_6 u(x, T) = \theta(x), \quad x \in [0, \omega]$$

есепі қарастырылған. Бұл жұмыстың нәтижелері [74, р. 11811-11823] мақаласында жарияланған. Бұл есепте де жуық шешімді табу алгоритмі ұсынылып, ұсынылған алгоритмнің жинақтылық шарттары алынған, сондай-ақ, жуық және дәл шешімнің арасындағы бағалаулар орнатылады.

Екінші бөлімде үшінші ретті сызықтық емес псевдопараболалық теңдеулер үшін бейлокал шартты шеттік есептердің шешімділігі зерттелген. Параметрлеу әдісінің көмегімен алгоритмнің жинақтылық шарттары, сонымен бірге, сызықтық емес теңдеудің шешімнің бар және оқшауланғандығын қамтамасыз ететін бағалаулар алынады.

2.1-ішкі бөлімде  $\Omega = [0, \omega] \times [0, T]$  облысында келесі сызықтық емес бейлокал шеттік есеп қарастырылады:

$$\frac{\partial^3 u(x, t)}{\partial x^2 \partial t} = f\left(x, t, u(x, t), \frac{\partial u(x, t)}{\partial t}, \frac{\partial^2 u(x, t)}{\partial x^2}\right), \quad (x, t) \in \Omega, \quad u \in R, \quad (13)$$

$$u(0, t) = \varphi(t), \quad t \in [0, T], \quad (14)$$

$$\frac{\partial u(0, t)}{\partial x} = \psi(t), \quad t \in [0, T], \quad (15)$$

$$b_1 \frac{\partial^2 u(x, 0)}{\partial x^2} + b_2 \frac{\partial^2 u(x, T)}{\partial x^2} + b_3 \frac{\partial u(x, 0)}{\partial t} + b_4 \frac{\partial u(x, T)}{\partial t} + b_5 u(x, 0) + b_6 u(x, T) = \theta(x), \quad x \in [0, \omega], \quad (16)$$

мұнда  $f: \Omega \times R \times R \times R \rightarrow R$  үзіліссіз,  $\theta(x)$ ,  $b_j(x)$ ,  $j = \overline{1, 6}$  функциялары  $[0, \omega]$  аралығында үзіліссіз,  $\varphi(t), \psi(t)$  функциялары  $[0, T]$  аралығында үзіліссіз дифференциалданады,  $b_j(x) - const$ ,  $j = \overline{1, 6}$ .

(13)-(16) есебінің шешімін табу үшін жаңа  $w(x, t) = \frac{\partial^2 u(x, t)}{\partial x^2}$  функциясын енгіземіз, сонда

$$u(x, t) = \varphi(t) + \psi(t)x + \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi,$$

$$\frac{\partial u(x, t)}{\partial t} = \varphi'(t) + \psi'(t)x + \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi$$

тең болады. Осыдан (13)-(16) есебін келесі түрде жазамыз:

$$\frac{\partial w(x, t)}{\partial t} = f \left( x, t, \varphi(t) + \psi(t)x + \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi, \right. \\ \left. \varphi'(t) + \psi'(t)x + \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi, w(x, t) \right) \quad (17)$$

$$b_1 w(x, 0) + b_2 w(x, T) + b_3 \int_0^x \frac{\partial w(\xi, 0)}{\partial t} d\xi + b_4 \int_0^T \frac{\partial w(\xi, T)}{\partial \xi} d\xi + \\ + b_5 \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, 0) d\xi_1 d\xi + b_6 \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, T) d\xi_1 d\xi = \tilde{\theta}(x), \quad x \in [0, \omega], \quad (18)$$

мұнда  $\tilde{\theta}(x) = \theta(x) + b_3(\varphi'(0) + \psi'(0)x) + b_4(\varphi'(T) + \psi'(T)x) + b_5(\varphi(0) + \psi(0)x) + b_6(\varphi(T) + \psi(T)x)$ .

$h > 0: Nh = T$  қадамы бойынша  $[0, T) = \bigcup_{r=1}^N [(r-1)h, rh)$ ,  $N = 1, 2, \dots$  бөліктеуін жүргіземіз. Бұл жағдайда  $\Omega$  облысы  $N$  бөлікке бөлінеді.  $w_r(x, t)$  арқылы  $w(x, t)$  функциясының  $\Omega_r = [0, \omega] \times [(r-1)h, rh)$ ,  $r = \overline{1, N}$  облысындағы мәнін белгілейміз. Сонда (17), (18) есебі келесі шеттік есепке пара-пара:

$$\frac{\partial w_r(x, t)}{\partial t} = f \left( x, t, \varphi(t) + \psi(t)x + \int_0^x \int_0^\xi w_r(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi, \right. \\ \left. \varphi'(t) + \psi'(t)x + \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w_r(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi, w_r(x, t) \right) \quad (19)$$

$$b_1 w_1(x, 0) + b_2 \lim_{t \rightarrow T-0} w_N(x, t) + b_3 \int_0^x \frac{\partial w_1(\xi, 0)}{\partial t} d\xi + b_4 \lim_{t \rightarrow T-0} \int_0^x \frac{\partial w_N(\xi, t)}{\partial t} d\xi + \\ + b_5 \int_0^x \int_0^\xi w_1(\xi_1, 0) d\xi_1 d\xi + b_6 \int_0^x \int_0^\xi \lim_{t \rightarrow T-0} w_N(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi = \tilde{\theta}(x), \quad x \in [0, \omega], \quad (20)$$

$$\lim_{t \rightarrow sh-0} w_s(x, t) = w_{s+1}(x, sh), \quad x \in [0, \omega], \quad s = \overline{1, N-1}, \quad (21)$$

мұнда (21) – бөліктеудің ішкі сызықтарындағы функцияның үзіліссіздік шарты. (19)-(21) есебінде

$$\lambda_r(x) = w_r(x, (r-1)h)$$

белгілеуін енгізіп:

$$\tilde{w}_r(x, t) = w_r(x, t) - \lambda_r(x), \quad r = \overline{1, N},$$

алмастыруын жасаймыз. Сонда  $\lambda_r(x)$  белгісіз функциялары бар келесі шеттік есебін аламыз:

$$\frac{\partial \tilde{w}_r(x, t)}{\partial t} = f \left( x, t, \varphi(t) + \psi(t)x + \int_0^x \int_0^\xi \tilde{w}_r(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi + \int_0^x \int_0^\xi \lambda_r(\xi_1) d\xi_1 d\xi, \right. \\ \left. \varphi'(t) + \psi'(t)x + \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}_r(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi, \tilde{w}_r(x, t) + \lambda_r(x) \right) \quad (22)$$

$$\tilde{w}_r(x, (r-1)h) = 0, \quad x \in [0, \omega] \quad (23)$$

$$b_1 \lambda_1(x) + b_2 \lambda_N(x) + b_2 \lim_{t \rightarrow T-0} \tilde{w}_N(x, t) + \\ + b_3 \int_0^x \frac{\partial \tilde{w}_1(\xi, 0)}{\partial t} d\xi + b_4 \lim_{t \rightarrow T-0} \int_0^x \frac{\partial \tilde{w}_N(\xi, t)}{\partial t} d\xi + b_5 \int_0^x \int_0^\xi \lambda_1(\xi_1) d\xi_1 d\xi + \\ + b_6 \int_0^x \int_0^\xi \lim_{t \rightarrow T-0} \tilde{w}_N(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi + b_6 \int_0^x \int_0^\xi \lambda_N(\xi_1) d\xi_1 d\xi = \tilde{\theta}(x), \quad x \in [0, \omega] \quad (24)$$

$$\lambda_s(x) + \lim_{t \rightarrow sh-0} \tilde{w}_s(x, t) = \lambda_{s+1}(x), \quad x \in [0, \omega], \quad s = \overline{1, N-1}. \quad (25)$$

(22), (23) есебі  $\lambda_r(x)$ -тің бекітілген мәндерінде интегралды-дифференциалдық теңдеу үшін бірпараметрлі Коши есебі болып табылады және келесі сызықтық емес интегралдық теңдеуге пара-пар:

$$\tilde{w}_r(x, t) = \int_{(r-1)h}^t f \left( x, \tau, \varphi(\tau) + \psi(\tau)x + \int_0^x \int_0^\xi \tilde{w}_r(\xi_1, \tau) d\xi_1 d\xi + \int_0^x \int_0^\xi \lambda_r(\xi_1) d\xi_1 d\xi, \right. \\ \left. \varphi'(\tau) + \psi'(\tau)x + \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}_r(\xi_1, \tau)}{\partial t} d\xi_1 d\xi, \tilde{w}_r(x, \tau) + \lambda_r(x) \right) d\tau. \quad (26)$$

(26)-теңдеуде  $t \rightarrow rh - 0$  ұмтылғанда шекке көшіп, (24), (25)-те  $\lim_{t \rightarrow T-0} \tilde{w}_N(x, t)$ ,  $\lim_{t \rightarrow sh-0} \tilde{w}_s(x, t)$  орнына оған сәйкес оң жақ бөліктерін қойып, (24) теңдеудің екі жағын да  $h > 0$  қадамына көбейтіп,  $\lambda_r(x)$ ,  $r = \overline{1, N}$ , белгісіз функцияларынан тәуелді келесі теңдеулер жүйесін аламыз:

$$Q_h(x, \lambda(x), \tilde{w}(x, [\cdot])) = 0. \quad (27)$$

(22)-(25) есебінің бастапқы жуықтауы ретінде  $\tilde{w}^{(0)}(x, [t])$  функциясын алып, төмендегі алгоритм бойынша тізбекті жуықтауларды құрамыз:

1-қадам.  $\tilde{w}_r(x, t) = \tilde{w}_r^{(0)}(x, t)$  деп алып, (22) және (27) теңдеулері жүйесінен  $\frac{\partial \tilde{w}_r^{(1)}(x, t)}{\partial t}$ ,  $\lambda_r^{(1)}(x)$ ,  $r = \overline{1, N}$ , функцияларын табамыз. (26) интегралдық теңдеуден  $\tilde{w}_r^{(1)}(x, t)$  функциясы анықталады.

Үдерісті жалғастыра отырып,  $k$ -шы қадамда  $\left\{ \frac{\partial \tilde{w}_r^{(k)}(x, t)}{\partial t}, \lambda_r^{(k)}(x), \tilde{w}_r^{(k)}(x, t) \right\}$  функциялар үштігінен тұратын жүйе алынады.

Ұсынылған алгоритмнің жүзеге асырылуы, жинақтылығы және функционалдық параметрлері (22)–(25) теңдеулер жүйесіне сәйкес көпсіпатты шеттік есептің шешімінің бар болуының жеткілікті шарттар келесі теоремада келтірілген.

**3-теорема.** Барлық  $(x, \lambda(x), \tilde{w}(x, [\cdot]))$  үшін  $\frac{\partial Q_h(x, \lambda(x), \tilde{w}(x, [\cdot]))}{\partial \lambda}$  Якоби матрицасының кері матрицасы болатындай  $h > 0$ :  $Nh = T$ , ( $N = 1, 2, \dots$ ) қадамы,  $(\lambda^{(0)}(x), \tilde{w}_r^{(0)}(x, [t]), \phi_1, \phi_2) \in U(f, L_1, L_2, L_3, x, h)$  бар болсын, мұндағы  $x \in [0, \omega]$ ,  $\{\lambda(x), \tilde{w}(x, [t])\} \in S(\lambda^{(0)}(x), \phi_1) \times S(\tilde{w}_r^{(0)}(x, [t]), \phi_1 \phi_2)$  және келесі шарттар орындалсын:

- 1)  $\left\| \left[ \frac{\partial Q_h(x, \lambda(x), \tilde{w}(x, [\cdot]))}{\partial \lambda} \right]^{-1} \right\| \leq \tilde{\gamma}(h)$ ,
- 2)  $\tilde{q}(h) = h\mu \left( 1 + \sum_{n=1}^{\infty} \frac{L_2^n \omega^{2n}}{2^{n-1}(n-1)!(2n-1)(2n)} \right) < 1$ ,
- 3)  $\frac{[h\tilde{\gamma}(h)]^2}{1-\tilde{q}(h)} \max_{x \in [0, \omega]} \|P(x)\| \max_{x \in [0, \omega]} \|P_0(x)\| \max_{x \in [0, \omega]} \|Q_h(x, \lambda^{(0)}(x), \tilde{w}^{(0)}(x, [\cdot]))\| +$   
 $+ \tilde{\gamma}(h) \max_{x \in [0, \omega]} \|Q_h(x, \lambda^{(0)}(x), \tilde{w}^{(0)}(\bar{x}, [\cdot]))\| < \phi_1$ ,
- 4)  $\frac{h}{1-\tilde{q}(h)} \max_{x \in [0, \omega]} \|P_0(x)\| < \phi_2$ ,

мұнда  $\mu = e^{L_2 \frac{\omega^2}{2!}} \left( L_3 \frac{\omega^2}{2} + L_1 \right) \left( 1 + h\tilde{\gamma}(h) \max_{x \in [0, \omega]} \|P(x)\| \right)$ ,

$$P_0(x) = \left( L_3 \frac{x^2}{2} + L_2 \int_0^x \int_0^\xi e^{L_2 \frac{\xi_1^2}{2}} \left( L_3 \frac{\xi_1^2}{2} + L_1 \right) d\xi_1 d\xi + L_1 \right),$$

$$P(x) = \left( P_1 + \tilde{P}_2(x) + P_3 \frac{x^2}{2!} \right) e^{h\tilde{\gamma}(h)\tilde{P}_2(x)},$$

$$P_1 = L_1 \max\{hb_2, 1\}, P_2 = L_3 \max\{hb_2, 1\} + hb_3 + hb_4,$$

$$P_3 = L_2 \max\{hb_2, 1\} + hb_5 + hb_6, \tilde{P}_2(x) = P_2 \int_0^x \int_0^\xi e^{\frac{L_2 \xi_1^2}{2}} \left( L_3 \frac{\xi_1^2}{2!} + L_1 \right) d\xi_1 d\xi.$$

Онда осы алгоритм арқылы анықталған  $\{\lambda^{(k)}(x), \tilde{w}_r^{(k)}(x, [t])\}$ ,  $k = 1, 2, \dots$ , тізбегі  $S(\lambda^{(0)}(x), \phi_1) \times S(\tilde{w}_r^{(0)}(x, [t]), \phi_1 \phi_2)$  жиынында (22)-(25) есебінің шешімі

$(\lambda^*(x), \tilde{w}^*(x, [t]))$  функцияларына жинақталады және келесі бағалаулар орындалады:

$$\begin{aligned} & \text{a) } \|\lambda^* - \lambda^{(k+1)}\|_2 \leq \\ & \leq [h\tilde{\gamma}(h)]^2 \max_{x \in [0, \omega]} \|P_0(x)\| \max_{x \in [0, \omega]} \|P(x)\| \frac{[\tilde{q}(h)]^k}{1 - \tilde{q}(h)} \max_{x \in [0, \omega]} \|Q_h(x, \lambda^{(0)}(x), \tilde{w}^{(0)}(x, [\cdot]))\|, \\ & \text{ә) } \|\tilde{w}^* - \tilde{w}^{(k+1)}\|_1 \leq \\ & \leq \frac{[\tilde{q}(h)]^{k+1}}{1 - \tilde{q}(h)} h\tilde{\gamma}(h) \max_{x \in [0, \omega]} \|P_0(x)\| \max_{x \in [0, \omega]} \|Q_h(x, \lambda^{(0)}(x), \tilde{w}^{(0)}(x, [\cdot]))\|. \end{aligned}$$

(13)-(16) және (22)-(25) есептерінің пара-парлығынан және 3-теоремадан келесі 4-теорема орындалады.

*4-теорема.* 3-теореманың шарттары орындалсын, онда  $\{u^{(k)}(x, t)\}$ ,  $k = 1, 2, \dots$ , функциялар тізбегі  $S(u^{(0)}(x, t), \Phi(x))$  жиынына тиісті және (13)-(16) есебінің  $u^*(x, t)$  шешіміне  $S(u^{(0)}(x, t), \Phi(x))$  жиынында жинақталады және келесі бағалау орындалады:

$$\begin{aligned} & \|u^*(x, t) - u^{(k)}(x, t)\| \leq (h\tilde{\gamma}(h) \max_{x \in [0, \omega]} \|p(x)\| + \\ & + \tilde{q}(h) \max_{x \in [0, \omega]} \|P_0(x)\| \frac{[\tilde{q}(h)]^{k+1}}{1 - \tilde{q}(h)} \max_{x \in [0, \omega]} \|Q_h(x, \lambda^{(0)}(x), \tilde{w}^{(0)}(x, [\cdot]))\|), (x, t) \in \Omega. \end{aligned}$$

Сондай-ақ, (13)-(16) есебінің кез келген шешімі  $S(u^{(0)}(x, t), \Phi(x))$  жиынында оқшауланған.

Сызықтық емес үшінші ретті псевдопараболалық теңдеудің шешімін табу үшін ұсынылған алгоритмнің қолдану мысалы ретінде 3-бөлімде Бенджамин-Бона-Махони және Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс теңдеулерін шешу қарастырылады. Бұл теңдеулер әртүрлі физикалық ортада сызықтық емес толқындарды сипаттайтын математикалық модель болып табылады.

3.1-бөлімшеде Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс теңдеуі қарастырылады. Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс (ББМБ) теңдеуі Бюргерс теңдеуіне ұқсас тұтқырлық мүшесі қосылған Бенджамин-Бона-Махони теңдеуінің модификациясы болып табылады. Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс теңдеуінің әртүрлі типтері [83-92] жұмыстарында зерттелген. Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс теңдеулерін зерттеуге арналған көп жұмыстардың болуына қарамастан, оған деген қызығушылық әлі күнге дейін бәсеңдеген емес. Себебі Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс теңдеуі толқындар теориясы, математикалық физика және практикалық қолдану сияқты маңызды, қызықты салаларды біріктіретін зерттеу нысаны саналады.

3.2-ішкі бөлімде келтірілген Бенджамин-Бона-Махони (ББМ) теңдеуі аз амплитудалы ұзын беттік тартылыс толқындарын модельдеуге арналған Кортевег-де-Фриз (КдФ) теңдеуінің баламасы және алғаш рет 1972 жылы

Т. Бенджамин, Дж. Бона және Дж. Махони өз жұмыстарында [93] ұсынған. Кортевег-де-Фриз (КдФ) теңдеуінен айырмашылығы, БМ теңдеуі жақсы дисперсиялық қасиетке ие және сандық модельдеуде шешімнің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бенджамин-Бона-Махони теңдеуі сұйықтағы, плазмадағы және басқа да ортадағы толқындардың таралуын сипаттайды [94-96]. Соңғы жылдары осы бағыттағы зерттеулер [97-102] еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Қорытындыда зерттеудің нәтижелері жинақталып, негізгі ғылыми қорытындылар келтірілген.

Автор есептің қойылуына және диссертацияның барлық кезеңдерінде берген құнды кеңестері мен көмектері үшін отандық ғылыми кеңесші физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Орумбаева Нургул Тумарбековнаға шын жүректен алғысын білдіреді. Сонымен қатар, шетелдік ғылыми кеңесшісі физика-математика ғылымдарының докторы Псху Арсен Владимировичке бағалы кеңестері мен көрсетілген қолдауы үшін алғысын айтады.

# 1 ҮШІНШІ РЕТТІ СЫЗЫҚТЫҚ ПСЕВДОПАРАБОЛАЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ҮШІН БЕЙЛОКАЛ ШЕТТІК ЕСЕПТЕР

## 1.1 Сызықтық псевдопараболаалық теңдеу үшін бейлокал шеттік есептің қойылымы

$\Omega = [0, \omega] \times [0, T]$  облысында келесі шеттік есеп қарастырылады:

$$\frac{\partial^3 u(x,t)}{\partial x^2 \partial t} = a_1 \frac{\partial^2 u(x,t)}{\partial x^2} + a_2 \frac{\partial u(x,t)}{\partial t} + a_3 u(x,t) + f(x,t), \quad (x,t) \in \Omega \quad (1.1)$$

$$u(0,t) = \varphi(t), \quad t \in [0, T], \quad (1.2)$$

$$\frac{\partial u(0,t)}{\partial x} = \psi(t), \quad t \in [0, T], \quad (1.3)$$

$$b_1 \frac{\partial^2 u(x,0)}{\partial x^2} + b_2 \frac{\partial^2 u(x,T)}{\partial x^2} + b_3 \frac{\partial u(x,0)}{\partial t} + b_4 \frac{\partial u(x,T)}{\partial t} + b_5 u(x,0) + b_6 u(x,T) = \theta(x), \quad x \in [0, \omega], \quad (1.4)$$

мұнда  $a_i, b_j - const, i = \overline{1,3}, j = \overline{1,6}$ ,  $\theta(x)$  функциялары  $[0, \omega]$  аралығында үзіліссіз және  $\varphi(t), \psi(t)$  функциялары  $[0, T]$  аралығында үзіліссіз дифференциалданады.

Егер барлық  $(x,t) \in \Omega$  үшін (1.1) теңдеуін және (1.2)-(1.4) шеттік шарттарын қанағаттандырса, онда

$$\frac{\partial u(x,t)}{\partial x} \in C(\Omega, R), \quad \frac{\partial u(x,t)}{\partial t} \in C(\Omega, R), \quad \frac{\partial^2 u(x,t)}{\partial x^2} \in C(\Omega, R),$$

$$\frac{\partial^2 u(x,t)}{\partial x \partial t} \in C(\Omega, R), \quad \frac{\partial^3 u(x,t)}{\partial x^2 \partial t} \in C(\Omega, R)$$

дербес туындылары бар  $u(x,t) \in C(\Omega, R)$  функциясы (1.1)-(1.4) есебінің шешімі деп аталады.

(1.1)-(1.4) есебінің шешімін табу үшін жаңа  $w(x,t) = \frac{\partial^2 u(x,t)}{\partial x^2}$  функциясын енгіземіз, сонда

$$u(x,t) = \varphi(t) + \psi(t)x + \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi,$$

$$\frac{\partial u(x,t)}{\partial t} = \varphi'(t) + \psi'(t)x + \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi$$

тең болады, бұл жерде (1.1)-(1.4) есебін келесі түрде жазамыз:

$$\begin{aligned} \frac{\partial w(x, t)}{\partial t} &= a_1 w(x, t) + a_2 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + \\ &+ a_3 \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi + \tilde{f}(x, t), \quad (x, t) \in \Omega, \end{aligned} \quad (1.5)$$

$$\begin{aligned} b_1 w(x, 0) + b_2 w(x, T) + b_3 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w(\xi_1, 0)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + b_4 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial w(\xi_1, T)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + \\ + b_5 \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, 0) d\xi_1 d\xi + b_6 \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, T) d\xi_1 d\xi = \tilde{\theta}(x), \quad x \in [0, \omega], \end{aligned} \quad (1.6)$$

мұнда

$$\tilde{f}(x, t) = f(x, t) + a_2 \varphi'(t) + a_2 \psi'(t)x + a_3 [\varphi(t) + \psi(t)x],$$

$$\tilde{\theta}(x) = \theta(x) + b_3 [\varphi'(0) + \psi'(0)x] + b_5 [\varphi(0) + \psi(0)x] +$$

$$+ b_4 [\varphi'(T) + \psi'(T)x] + b_6 [\varphi(T) + \psi(T)x]$$

(1.1)-(1.4) және (1.5), (1.6) есептері келесі мағынада пара-пар: егер  $u(x, t)$  (1.1)-(1.4) есебінің шешімі болса, онда  $w(x, t) = \frac{\partial^2 u(x, t)}{\partial x^2}$  функциясы (1.5), (1.6) интегралды-дифференциалдық теңдеу үшін бейлокал шеттік есептің шешімі болады. Егер  $w(x, t)$  функциясы (1.5), (1.6) есебінің шешімі болса, онда  $u(x, t) = \varphi(t) + \psi(t)x + \int_0^x \int_0^\xi w(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi$  үшінші ретті (1.1)-(1.4) бейлокал шеттік есебінің шешімі болып табылады.

$h > 0$ :  $Nh = T$  қадамы бойынша  $[0, T) = \bigcup_{r=1}^N [(r-1)h, rh)$ ,  $N = 1, 2, \dots$  бөліктеуін жүргіземіз. Бұл жағдайда  $\Omega$  облысы  $N$  бөлікке бөлінеді.  $w_r(x, t)$  арқылы  $w(x, t)$  функциясының  $\Omega_r = [0, \omega] \times [(r-1)h, rh)$ ,  $r = \overline{1, N}$  облысындағы мәнін белгілейміз.

(1.5), (1.6) есебінде  $\lambda_r(x) = w_r(x, (r-1)h)$  белгілеуін енгізіп,

$$\tilde{w}_r(x, t) = w_r(x, t) - \lambda_r(x), \quad r = \overline{1, N},$$

алмастыруын жасаймыз.  $\lambda_r(x)$  белгісіз функциялары бар пара-пар шеттік есебін аламыз:

$$\begin{aligned} \frac{\partial \tilde{w}_r(x, t)}{\partial t} &= a_1 \tilde{w}_r(x, t) + a_1 \lambda_r(x) + a_2 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + \\ &+ a_3 \int_0^x \int_0^\xi \tilde{w}_r(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi + a_3 \int_0^x \int_0^\xi \lambda_r(\xi_1) d\xi_1 d\xi + \tilde{f}(x, t), \quad (x, t) \in \Omega_r, \end{aligned} \quad (1.7)$$

$$\tilde{w}_r(x, (r-1)h) = 0, \quad x \in [0, \omega], \quad (1.8)$$

$$\begin{aligned}
& b_1 \lambda_1(x) + b_2 \lambda_N(x) + b_2 \lim_{t \rightarrow Nh-0} \tilde{w}_N(x, t) + b_3 \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}_1(\xi_1, 0)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + \\
& + b_4 \int_0^x \int_0^\xi \lim_{t \rightarrow Nh-0} \frac{\partial \tilde{w}_N(\xi_1, t)}{\partial t} d\xi_1 d\xi + b_5 \int_0^x \int_0^\xi \lambda_1(\xi_1) d\xi_1 d\xi + \\
& + b_6 \int_0^x \int_0^\xi \lim_{t \rightarrow Nh-0} \tilde{w}_N(\xi_1, t) d\xi_1 d\xi + b_6 \int_0^x \int_0^\xi \lambda_N(\xi_1) d\xi_1 d\xi = \tilde{\theta}(x), \quad x \in [0, \omega], \quad (1.9)
\end{aligned}$$

$$\lambda_s(x) + \lim_{t \rightarrow sh-0} \tilde{w}_s(x, t) = \lambda_{s+1}(x), \quad x \in [0, \omega], \quad s = \overline{1, N-1}, \quad (1.10)$$

мұнда (1.10) – бөліктеудің ішкі сызықтарындағы функцияның үзіліссіздік шарты.

$C(\Omega_r, R^N)$  (сәйкесінше,  $C([0, \omega], R^N)$ ) арқылы  $\Omega_r$ ,  $r = \overline{1, N}$ , облысында үзіліссіз  $\tilde{w}_r: \Omega_r \rightarrow R^N$  ( $\lambda_r: [0, \omega] \rightarrow R^N$ ) функциялар кеңістігін белгілейміз. Кеңістік нормасы:

$$\|\tilde{w}\|_1 = \max_{r=\overline{1, N}} \sup_{x \in [0, \omega]} \|\tilde{w}_r(x, t)\|, \quad \|\lambda\|_2 = \max_{r=\overline{1, N}} \sup_{x \in [0, \omega]} \|\lambda_r(x)\|.$$

(1.7)-(1.10) есебінің шешімі  $\{\tilde{w}^*(x, [t]), \lambda^*(x)\}$  жұбы болып табылады, мұндағы

$$\tilde{w}^*(x, [t]) = (\tilde{w}_1^*(x, t), \tilde{w}_2^*(x, t), \dots, \tilde{w}_N^*(x, t)) \in C(\Omega_r, R^N),$$

$$\lambda^*(x) = (\tilde{\lambda}_1^*(x, t), \tilde{\lambda}_2^*(x, t), \dots, \tilde{\lambda}_N^*(x, t))' \in C([0, \omega], R^N).$$

Мұнда  $\Omega_r$  облысында  $t$  бойынша үзіліссіз және үзіліссіз дифференциалданатын  $\tilde{w}_r^*(x, t)$  функциясы  $\lambda_r(x) = \lambda_r^*(x)$ ,  $r = \overline{1, N}$ , болғанда (1.7) интегралды-дифференциалдық теңдеуін, (1.8) бастапқы шарттарын және  $\lambda_r^*(x)$ ,  $\lambda_r^*(x) + \lim_{t \rightarrow rh-0} \tilde{w}_r^*(x, t)$ ,  $r = \overline{1, N}$  болғанда (1.9), (1.10) теңдіктерін қанағаттандырады.

Егер  $\{\tilde{w}^*(x, [t]), \lambda^*(x)\}$  жұбы (1.7)-(1.10) есебінің шешімі болса, онда  $\tilde{w}^*(x, t) = \lambda_r^*(x) + \tilde{w}_r^*(x, t)$ ,  $r = \overline{1, N}$ ,  $\tilde{w}^*(x, T) = \lambda_N^*(x) + \lim_{t \rightarrow rh-0} \tilde{w}_N^*(x, t)$  теңдіктерімен анықталатын  $\tilde{w}^*(x, t)$  функциясы (1.5), (1.6) интегралдық-дифференциалдық теңдеуіне арналған сызықтық шеттік есептің шешімі болады.

(1.7), (1.8) есебі  $\lambda_r(x)$ -тің бекітілген мәндерінде интегралдық-дифференциалдық теңдеулер үшін бірпараметрлі Коши есебінің үйірі болады, мұндағы  $x \in [0, \omega]$ , және келесі интегралдық теңдеуге пара-пар:

$$\tilde{w}_r(x, t) = a_1 \int_{(r-1)h}^t \tilde{w}_r(x, \tau) d\tau + a_1 [t - (r-1)h] \lambda_r(x) +$$

$$\begin{aligned}
& +a_2 \int_{(r-1)h}^t \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}(\xi_1, \tau)}{\partial \tau} d\xi_1 d\xi d\tau + a_3 \int_{(r-1)h}^t \int_0^x \int_0^\xi \tilde{w}_r(\xi_1, \tau) d\xi_1 d\xi d\tau + \\
& + a_3 [t - (r-1)h] \int_0^x \int_0^\xi \lambda_r(\xi_1) d\xi_1 d\xi + \int_{(r-1)h}^t \tilde{f}(x, \tau) d\tau.
\end{aligned}$$

Соңғы теңдеуде  $\tilde{w}_r(x, \tau)$  орнына осы теңдеудің оң жағын  $m$  рет қойып

$$\begin{aligned}
\tilde{w}_r(x, t) = & D_{mr}(t)\lambda_r(x) + G_{mr}(x, t, \tilde{w}_r) + A_{mr} \left( x, t, \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}_r}{\partial t} d\xi_1 d\xi \right) + \\
& + B_{mr} \left( x, t, \int_0^x \int_0^\xi \tilde{w}_r d\xi_1 d\xi \right) + E_{mr}(t) \int_0^x \int_0^\xi \lambda_r(\xi_1) d\xi_1 d\xi + F_{mr}(x, t), \quad (1.11)
\end{aligned}$$

мұнда

$$\begin{aligned}
D_{mr}(t) &= \sum_{j=1}^m \int_{(r-1)h}^t a_1 \dots \int_{(r-1)h}^{\tau_{j-1}} a_1 d\tau_{j+1} \dots d\tau_1, \\
E_{mr}(t) &= \sum_{j=1}^m \int_{(r-1)h}^t a_1 \int_{(r-1)h}^{\tau_1} a_1 \dots \int_{(r-1)h}^{\tau_{j-1}} a_3 d\tau_{j+1} \dots d\tau_2 d\tau_1, \\
G_{mr}(x, t, \tilde{w}_r) &= (a_1)^m \int_{(r-1)h}^t \dots \int_{(r-1)h}^{\tau_{m-2}} \dots \int_{(r-1)h}^{\tau_{m-1}} \tilde{w}_r(x, \tau_m) d\tau_m d\tau_{m-1} \dots d\tau_1, \\
A_{mr} \left( x, t, \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}_r}{\partial t} d\xi_1 d\xi \right) &= a_2 \int_{(r-1)h}^t \int_0^x \int_0^\xi \frac{\partial \tilde{w}_r(\xi_1, \tau_1)}{\partial \tau} d\xi_1 d\xi d\tau_1 + \\
